

# Б. МАЙЛИН ӘНГІМЕЛЕРІ ТІЛІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-СТИЛЬДІК СИПАТЫ

5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы

4 - курс, 4 жылдық студенті Әсет М.С.

Ғылыми жетекші: Ф.ғ.к., аға оқытушы Қоқанова Ж.А.



# МАЗМҰНЫ

## Кіріспе

### 1 Тарау. Б.Майлин әңгімелерінің құрылымдық ерекшеліктері

1.1 Әңгіме мәтінінің лингвистикалық аспектіде зерттелуі

1.2 Б.Майлин әңгімелерінің зерттелу барысы (әдеби-лингвистикалық аспект)

1.3 Б.Майлин әңгімелері тілінің құрылымдық түзілісі мен жанрлық мазмұны

### 2 Тарау. Б. Майлин әңгімелері тілінің лингвистикалық ерекшеліктері

2.1 Тіл біліміндегі стиль мәселесі және мәтіндегі стиль түзуші факторлар

2.2 Б.Майлин әңгімелерінің көркемдік сипаты

2.3 Б.Майлин әңгімелеріндегі көркемдеуіш құралдардың қолданысы

## Қорытынды

## Пайдаланған әдебиеттер тізімі



- Туып-өскен жері — қазіргі Қостанай облысының Таран ауданы. Бір жасқа толмай жатып әкесінен, алтыға шығарда шешесінен айрылған. Жетімдік зардабын шегіп, байларға жалданады. Алғаш ауыл молдасынан оқып сауат ашқан.
- 1911-1915 жылдар аралығында Троицк қаласындағы Уәзифа медресесінде, Қостанайдағы орысша қазақша мектепте, Уфадағы Медресе Ғалияда оқып білім алған.
- 1916-1919 жылдары мұғалім болады, жазушылықпен шұғылдана бастайды. «Қазақ», «Ауыл» газеттері мен «Айқап», «Садақ» журналдарына жазып тұрады.
- 1920-1922 жылдары газетті жасауға алғаш шығарушылар алқасы басшылық жасап, кейін жекелеген тұлғалар келе бастаған тұста басылымға Бейімбет Майлин секілді жеті-сегіз адам жетекшілік еткені мәлім. Содан соң, «Еңбекші қазақ» газетінде қызмет істеп (1922-1923), Қостанайдағы губерниялық «Ауыл» газетінде шығарды (1925).
- 30-шы жылдарында «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, «Ауыл тілі», «Қазақ әдебиеті» басылымдарының бас редакторы болып істейді.
- 1938 жылы жазықсыз тұтқындалып, қызыл қырғын саяси репрессияның құрбаны болды.



***Зерттеу тақырыбының өзектілігі.*** Бейімбет Майлиннің қаламынан шыққан әңгімелері мен повестері бүгінгі күнге дейін жеке дара түбегейлі ғылыми тұрғыдан сараланбаған. Осы тұрғыдан келгенде, суреткер қаламынан туған шығармалардың мазмұны мен құрылымын, көркемдік ерекшеліктерін, шеберлік сырларын зерттеу – қазақ әдебиеті ғылымы үшін аса маңызды істердің бірі болып табылады. Өйткені, жазушы Бейімбет Майлин әңгімелерінің қазақ баласына рухани азық болатын өзіндік ерекшелігі бар.



**Зерттеудің мақсаты:** Бейімбет Майлиннің оқырманға ой тастап, психологиялық, философиялық тұрғыдан жазылған прозалық шығармаларының тіл, лингвофилософиялық, лингвокогнитивтік және жанрлық ерекшеліктерін айқындау барысында өз замандастарының шығармаларымен саралап салыстыру.



## **Зерттеудің міндеті:**


- Бейімбет Майлиннің әңгімелерінің тілдік тақырыптық болмысын айқындау;
- қаламгер Бейімбет Майлиннің прозалық шығармаларындағы өмір құбылыстарын суреттеудегі, адамның ішкі жан дүниесін, көңіл-күйді бейнелеудегі өзгешелігін, ерекшеліктерін, нақтылы мысалдар негізінде талдау;
- прозалық шығармаларының композициялық құрылысы мен сюжет өрбіту, образ сомдаудағы сырын саралау;
- суреткердің көркем ойды астарлап жеткізудегі тілдік-стильдік шеберлігін көрсету;
- жазушының прозалық шығармаларындағы өзіндік қолтаңбасының тілтанымдық сырын айқындау;
- прозалық шығармаларының көркемдік табиғатын таныту.



## **Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.**

Зерттеуде тіл ғылымының соңғы жетістіктері, яғни когнитивтік лингвистиканың антропоцентристік бағыты, концептілер туралы білімдер жинақталып,

Б.Майлиннің әңгімелері мен повестерінің тілі танымдық деңгейде алғаш рет зерттеліп, ғылыми тұжырымдар жасалды; ұлттық құндылықтар жүйесін айқындайтын тілдік көріністер негізінде қаламгер тілдік тұлғасының танымдық болмысы ашылды; жазушы прозалық шығармаларының концептуалдану негізі мен қазақ дүниетанымына сәйкес басты тірек концептілері анықталып, оларға когнитивтік талдау жасалды.





Б. Майлин — екінші қатарда, солдан оңға қарай төртінші. І. Жансүгіров, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Ж. Сыздықов, Ә. Тәжібаевтармен бірге.











## Жазушының әңгімелері

## Б.Майлин шығармаларының негізгі тақырыбы.

«Ұлбосын», «Сары ала тон», «Сот алдында», «Әліштің пырағы», «Қызыл әскердің үйі», «Таңба», «Қара шелек», «Кенес ағасы Қамила», «Арыстанбайдың Мұқышы», «Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры», «Биғайшаның хаты», «Қалекеннің үйінде», «Көктеректің бауырында», «Колхоз қорасында», «Охрана бастығы», «Сары май», «Бейсекеңнің үйінде».

Халық тағдыры мен мұңы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі оқиғалары, бұрынғы өміріндегі ескі тұрмыстық жайлар, төңкерістен кейінгі кезеңдегі кеңестік шаралар (ауылды кеңестендіру, колхоздастыру), әйел теңдігі, т.б.



Бейімбет Майлин әңгімелерінің жалпы көркемділік ерекшелігін мынадай сатыларға бөліп қарастыруға болады:

1. Майлин – шыншыл суреткер. Ол өмірде болғанды, болуға лайықтыны әңгімелеріне арқау етеді.

2. Суреткердің тақырып таңдау мен баяндау жөніндегі бір ерекшелігі - сайып келгенде тұрмыс-салтты, әдет-ғұрыпты суреттеуге басым назар аударуы.

3. Әңгімелері тікелей өмірді жанды көрінісімен көз алдына әкелгендей болады. Көркем тәсілдердің қолданылуына байланысты жазушы әңгімелерінің көркемдік, стильдік өзгешелігі келіп шығады.

4. Жазушы кейіпкерлердің, оқиғалардың тереңдігін қайшылықтарын ашқанда оны жадағай қалпында бермей, перделеп «қызым, саған айтам, келінім сен тыңда» деген нақтылау жобасымен суреттеуге бейім.

5. Б.Майлиннің әңгімелерінде әзіл-қалжың, юмор мен улы сықақ сабақтасып отырады. Бірсыпыра әңгімелерін түгелдей сатиралық стильде «Зәкіржан молда», «Қадір түнгі керемет», «Айт күндері», «Арыстанбайдың Мұқышы» т.б. жазған

# Мәтін типологиясы

Стиль түрлеріне қарай:	ғылыми, көсемсөз, іскери, көркем мәтін
Ақпаратты тасымалдау түрі бойынша:	ауызша, жазбаша, электронды т.б.
Көлеміне қарай:	макромәтін, микромәтін, күрделі синтаксистік тұтастық т.б.
Қарым-қатынас тақырыбы мен сөйлеу тәсіліне қарай:	гуманитарлық, тарихи, танымдық, аргументтік т.б.
Берілу тәсіліне қарай:	диалог, монолог, полилог

## Бейімбет Майлин шығармаларында жиі кездесетін көркемдегіш құралдар.

### Теңеу

Бейімбет Майлин өз әңгімелерінде теңеуді бір құбылысты екінші бір құбылыспен салыстыру арқылы сол құбылыстардың ішкі сапаларын айқындай түсу үшін қолданған.

*Түкірген сайын **иірімге жиналған көлдей** боп, насыбайдың қиқымы езуіне жабыса түседі. Жол үстінде **шөккен түйе құсап**, шөп тиеулі арба жатыр. (Сары май).*

### Эпитет

Эпитет (грек. epitheton – қосымша) – заттың, яки құбылыстың ерекшелігін, сыр-сипатын бейнелі түрде танытатын поэтикалық және стилистикалық ұғым, экспрессивті айқындаушы сөз.

*Күн ұзаққа **екпіндетіп соққан** долы жел кешке қарай тынып басылып, әлем жүзі **құлаққа ұрған тандай мүлгуде**. Батар күннің сәулесі қызарып шашырап, **дөңес жерлер қарауытып, қабағын жауып түнеріп тұр**.*

### Метонимия

“Троптың бір түрі – алмастыру, яки метонимия (грекше metonymia – қайтадан атау) - өзара шектес заттар мен себептес құбылыстардың бірінің орнына бірін қолдану”


*Қарауына себеп бар: **бір жаяу** сонау белестің сонау белестің басына жаңа шыға беріп еді. Жүгіре басқан **жаяу** – боз шинельді солдат болып шықты. **Пар ат жеккен бір шаналы терезенің алдынан зыр етіп өте шықты**.*

### Қайталау

Бір сөзді яки лебізді қайта-қайта айту қайталақтау деп аталады. Ондай қайта-қайта айту – нәрсенің өзін яки ғамалына көбірек назар салғызу үшін істеледі

*Үйде Ерғали пешке арқасын сүйеп, **бәйбішесінің** жыртылған мәсісін бастап отыр еді. **Бәйбішесі** Дәметкен қолында ұршығы, төрде шынтақтап жатқан Жамақ деген қайнысымен сөйлесіп отыр еді (Құла жорға).*

- *Жанр – мәтіннің барлық деңгейлерін әлемнің бір көрінісіне біріктіретін, шығарманың нақты тарихи түрі.*
- *Стиль сөйлеудің сапалылығы, экспрессивтілігі, белгілі бір сөйлеу жағдайы мен түріне, қатынас жасау мақсатына анағұрлым сай келетін бейнелеу құралдарын пайдалануы дегенді білдіреді.*
- *Мәтін, оның бірліктері мен категориялары басқа да деңгейлердің бірліктерімен бірлікте стильді бейнелеуші құрал болып табылады. Сонымен қатар жеке бір мәтін белгілі бір стильдің көрінісі, стильдің нақты өзі де бола алады. Бірақ, көбінесе, стильді мәтіннің көптеген қасиет-сапаларының, қырларының бірі деп қана қарау керек.*



*Б. Майлиннің шағын жанрдағы шеберлігі жайында  
ғалым Құлбек Сәрсенұлы Ерғобек: «Биік қаламы  
тиіп кеткен жері өмірдің өзіне айналып жүре береді.  
Кейіпкерлері өмірден қалыпқа қалай көшсе, кітаптан  
өмірге дәл солай қоныс аударып, тірі адамға айналып  
өзара айтысып-тартысып, болыстыққа таласып,  
ерлі-байлы екеуі ренжісіп қалып, байқаусызда ерінен  
«талақ» деген енетейсіз сөз шығып кетіп, екеуінің де  
зәре-құты қашып жүріп жатады», – деп қаламгердің  
шебер суреткерлігіне жоғары бағасын береді.*





Екінші қатарда, оң жақтағы бірінші— Бейімбет Майлин



## Мұсылмандық белгісі.

Шын мұсылман біздің қазақ баласы, Шындықпенен нық  
байланған арасы,  
Есептесең неше мың пұт боларлық, Хаққа айтқан «хәмед» пенен  
«сәнасы».

Тағатына кемдік қылмас сірә да, Құлдық жөннен батар емес  
күнәға,  
Бес намаздың жалғызын –ақ оқып ап, Кәмілдікпен жағып жүр ғой  
«құдаға».

Шыбын жанға жақсылықтыжорып тұрБар жұмақты бермей  
сыртқа қорып тұр  
Қалайынша қазақнадан дейсіңдер, Қажы, сопы ел ішінде толып  
тұр.

Малы барлар Мекке барар жалақтап, Зекеті жоқ кірсіз таза малы  
аппақ.

Бар мүддесі «ізгі жерге»барып кеп, Сөзін сыйлы, елді аузына  
қаратпақ.

Малы жоқтың өкпесі шоқ құдайға, Байды көрсе, іші күймей  
шыдай ма?

Ілгергімен қоймаған соң тең қылып, Құр жарбандап «құлдық»  
қылу оңай ма?


Езгілікке өсек сөздер ермесін, Көп жауыздар жұмақты былғап  
кірмесін.

Барлық қазақ иемденіп жұмақты, Басқаларға орын қалмай  
жүрмесін.








# Қорытынды

Бейімбет Майлин ұлттық тілдің бай қазынасы – сөздік құрамы мен халық таныған ұғым-түсініктерді мейлінше шебер пайдаланып, әр сөзін, сөйлемін, тұтас мәтінін мәнерлі, өткір шебер тілмен өрнектеген және оларды белгілі бір сильдік мақсатпен ұтымды пайдаланып отырған. Жазушы шығарма тіліндегі суреттеліп отырған XX ғасыр басындағы заман мен тарихи оқиғаларды жан-жақты ашып көрсету және мүмкіндігінше шындыққа сай беру үшін ұлт тілінің иірімдерін молынан қолданады. Жазушы қазақы танымға таныс емес кез келген құбылысты, қимыл-әрекетті таныс зат пен құбылысқа теңеу арқылы теңеу формасының негізгі міндеттерін орындай алған. Көркемдігі жоғары әдемі теңеулер сирек болғанмен, қолданылған теңеулер шыншылдығымен, нақты құбылыстарды сипаттауымен ерекшеленеді.



# Пайдаланылған әдебиеттер



*Назарларыңызға  
рақмет!*

